

Келісемін:

«Мұғалжар аудандық білім берімі» ММ  
Әдіскері Г.К Нұрмәғанбетова

«02» 09



Бекітемін:

«Шенгелши негізгі орта мектебі» КММ  
мектеп директорының у.м.а.  
Г.К Абишева

«02» 09



**Бала тілін дамыту**  
(вариатив)

Тәрбиеші: Кемаладинова А.Ж  
ШО «Айгөлек» тобы

2024 – 2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі білім беру үйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажыраты білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машины тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б. көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мушелері әрекетінің қозғалуарының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуі қалайды.

Саусақ, тіл жаттығулары балалардың:

- нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындаиды;
- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қыындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қыын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- елестету арқылы қиялын дамытады;
- әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қыын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айттып үйренеді;
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырған бағдарламада саусақ, тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылдының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің үлгілері берілген.

### **Мақсаты:**

Мектепке дейінгі ересек жастагы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

### **Міндеттері:**

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

### **Мазмұны:**

- Сейлем – 2 сағат
- Отбасы мүшелері – 4 сағат
- Сейлем құрылымы – 5 сағат
- Сөз тіркестері – 7 сағат
- Тіл ұстарту жаттығулары – 8 сағат
- Сейлем құрылымына талдау – 2 сағат
- Сөздерді буынға бөлу – 4 сағат

«Бала тілін дамыту» бағдарламасы (вариативтік бөлім)  
аптасына-1сағат, барлығы 32 сағат/ ШО «Айгөлек» тобы

№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты	Көрнекіліктер
1.	Сөйлем. Саусақ жаттығуы «Доп»	Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер кұрау. Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту	1	06.09	Күз мезгіліне байланысты сурет
2.	Буын, дыбыс. Саусақ жаттығуы «Кірпі»	Буын, дыбыс туралы түсінік. Дыбыстан буын, буыннан сөз құрату. Сөзді буынға бөлу, буынның дыбыстық құрамын ажырату	1	13.09	Кірпінің суреті
3.	Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз»	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	1	20.09	Отбасы туралы сурет; Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрме жасау
4	Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру	1	27.09	Күз мезгілі туралы өлең
5.	Күз кереметі. Жемістер.	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп,	1	04.10	Жемістер суреті

		жұмбактар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру			
6.	Сөз. Сөз тіркестері.	Сөз туралы алған білімдерін бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу	1	11.10	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері
7.	Сөйлем құрылымы. Саусақ жаттығуы «Жаңбыр»	Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату	1	18.10	Жаңбыр туралы сурет, өлең
8.	Сөйлем түрлері. Саусақ жаттығуы «Моншак»	Сөйлем түрлері туралы түсінік беру. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	25.10	Моншаққа байланысты мазмұнды суреттер
9.	Ойыншықтар.	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстаптау баулу. Антоним сөздер туралы түсіндіру	1	01.11	Ойыншықтардың суреттері
10.	Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	1	15.11	Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша сурет
11.	Үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Сөйлемнің құрылымына талдау жасау. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	22.11	Ара тақырыбына байланысты сөйлемдер құрату
12.	Сөз тіркесі. Тіл жаттығуы «Шегіртке»	Сөз тіркесі туралы алған білімдерін кеңейту. Суреттерге қарап, сөз тіркестерін құрастыру	1	29.11	Шегіртке тақырыбына байланысты сурет
13.	Қысқа дайындық.	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	06.12	Жануарлар суреттері
14.	Қысқы тіршілік.	Қыстап қалатын құстар мен жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	13.12	Құстар мен жануарлардың мазмұнды суреттері

15.	Менің Қазақстаным. Саясақ жаттығуы «Үй»	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Еліміздің рәміздері, астана туралы түсіндіру	1	20.12	Рәміздер, Астана туралы бейне ролик
16.	Қысқы еңбек.	Адамдардың қысқы еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін күрметтеуге баулу	1	27.12	Үлкендердің еңбегі туралы сурет, бейне ролик
17.	Қыс қызығы. Саясақ жаттығуы «Аққала»	Қыс мезгілі туралы түсінігін көңейту. Сурет бойынша әнгіме құрастыру	1	10.01	«Қыс қызығы» картинасы
18.	Сөз тіркестері, сөз, буын, дыбыс.	Сөз тіркестері туралы түсінік беру. Сөз тіркестерін сөздерге, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөле білуді үйрету	1	17.01	Қоныз туралы материалдар (интернеттен)
19.	Киімдер. Саясақ жаттығуы «Қолшатыр»	Киімдер туралы түсініктерін көңейту. Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдер туралы әнгімелесу	1	24.01	Жыл мезгіліне байланысты киімдер суреттері
20.	Үй жануарлары. Саясақ жаттығуы «Ботақан»	Үй жануарлары туралы алған түсініктерін терендешту. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуда, олардың қалай дыбыстайтынын менгерту. Үй жануарларын күтүге, қамқор болуға баулу, ересек адамдардың еңбегін күрметтей білуге тәрбиелу	1	31.01	Үй жануарлары туралы слайд, аудио, видео таспалар
21.	Жабайы андар. Саясақ жаттығуы «Қорбанбай аю»	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әнгімелету. Сөздік қорларын байыту	1	07.02	Жабайы аң туралы ертегі слайды, аудио, видео таспалар
22.	Көлік түрлері. Саясақ жаттығуы «Ұшақ»	Көліктер туралы түсініктерін көңейту. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	14.02	Көлік түрлері туралы слайд, аудио, видео таспалар
23.	Аң аулау. Саясақ жаттығуы «Қарсақ пен түлкі»	Аңшы туралы әнгімелу. Аңшы сөзін жекеше, көпше түрде айтқызу. Сурет бойынша әнгімелесу	1	21.02	«Аңшы» картинасы
24.	Сурет бойынша	Әнгімені үлгі сызба бойынша баяндау.	1	28.02	Итке байланысты

	әңгіме. Тіл жаттығуы «Майлыаяқ»	Әңгімені өз қиялымен аяқтау. Тіл ұстарту жаттығулары			суреттер жинағы
25	8 наурыз – Аналар мерекесі. Саусақ жаттығуы « Гул тереміз»	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оқу. Сөздерді анық айтқызу	1	07.03	Ана туралы өлең (Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша)
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Саусақ жаттығуы « Тышқан»	Ертегі мазмұнын айту, сахналау. Жұмбақтар шешу, өлеңдер оқу	1	14.03	Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау
27	Наурыз – жыл басы. Дидактикалық ойын «Сандық»	Наурыз мерекесі туралы түсінік. Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу	1	21.03	Наурыз мерекесі туралы бейне ролик
28	Малдың төлі. «Төлдер айтысы» ертегісі. Саусақ жаттығуы « Бұзауқан»	Ертегіні мазмұндау. Төлдер тақырыбына өлеңдер оқыту. «Төлдер айтысы» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналау	1	28.03	Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау
29	Буынға бөлейік. Саусақ жаттығуы « Торғай мен тулкі»	Сөздерді буынға бөлдіру. Олардың неше буыннан тұратынын анықтау. Кол жаттықтыру жаттығулары	1	04.04	Торғай мен тулкі суреттері
30	Дыбыстың сөздегі орны. Ойын «Қасқыр»	Сөздегі дауыссыз дыбыстың орнын анықтау. Тіл ұстарту жаттығулары	1	11.04	Қасқыр туралы суреттер
31	Ыдыстар. Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды толықтыру»	Ыдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту, жұмбақтар шешкізу. Сөйлемдер құрастырту	1	18.04	«Ыдыстар» картинасы сериясы
32	Біз мектепке	Мектеп туралы түсінік беру. Сурет	1	25.04	Мектеп туралы бейне

барамыз. Дидактикалық оыйн: «Оку қуралдарын ата»	бойынша әңгімелеу			ролик
		32 сағат		

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты**

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
2. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
3. Г.Д.Абдрахимова  
«Саусақ және тіл жаттығулары» «Арман-ПВ» баспасы, 2013жыл
4. Тіл дамыту. Дидактикалық ойындар Алматы-кітап баспасы, 2008жыл
5. Д.З.Жұсіпова, С.Ж.Андабекова, К.А. Сатыбалдиева, Қ.Т.Байғабылова  
Көркем әдебиет Хрестоматия «Аруна» баспасы
6. Р.Б. Нұртазина, А.Д.Сейсенова, Б.Х. Исламғұлова, Г.Қ. Досмамбетов Көркем сөз әлемі

**Оқушыларға арналған әдебиеттер:**

- 1.Ә.Әмірова «Сауат ашу» №1,2 дәптерлері «Алматы кітап» баспасы, 2004ж
2. Н.Ақбай «Кел,балалар,ойнайық». Балалар кітапханасы, Алматы 2006ж
3. Қазақ мақал-мәтеддері, Алматы, 2003.
4. «Қазақ ертегілері» Алматы «Балауса», 2003ж.
5. Қалиев С. «Халық ертегілері» // Тәрбие 2006ж,